



**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік  
(аудит жүргізілмеген)**

**31 наурыз 2021 жыл**

## Мазмұны

### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп .....	1-2
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп .....	3
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп .....	4
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп .....	5-6

### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі .....	7
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері .....	7
3 Есеп саясатындағы өзгерістер .....	8
4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар .....	9
5 Сегменттер бойынша ақпарат .....	10
6 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары .....	13
7 Негізгі құралдар .....	16
8 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар .....	17
10 Тауар-материалдық қорлар .....	18
11 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек .....	18
12 Өзге қысқа мерзімді активтер .....	19
13 Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері .....	19
14 Капитал .....	20
15 Қарыздар .....	20
16 Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер .....	23
17 Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек .....	23
18 Түсім .....	24
19 Сатудың өзіндік құны .....	24
20 Жалпы және әкімшілік шығындар .....	25
21 Қаржылық табыстар .....	25
22 Қаржылық шығындар .....	25
23 Табыс салығы бойынша шығындар .....	26
24 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер .....	27
25 Өділ құн туралы ақпаратты ашу .....	27
26 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар .....	29
27 Акцияға тиесіл пайда/(шығын) және бір акцияның теңгерімдік құны .....	29


**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	31 наурыз 2021 ж. (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2020 ж.
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	7	722,994,966	731,640,116
Инвестициялық меншік		77,338	247,283
Материалдық емес активтер		3,434,499	3,570,398
Пайдалану құқығы түріндегі актив		2,825,279	3,137,624
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	8	67,184,278	60,611,199
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	9	13,525,430	13,667,103
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>		<b>810,041,790</b>	<b>812,873,723</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Тауар-материалдық қорлар	10	11,165,937	11,674,146
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек	11	37,895,131	37,660,312
Өзге де қысқа мерзімді активтер	12	13,947,545	12,308,536
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,249,389	1,294,554
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	13	14,131,953	9,893,878
<b>Барлық қысқа мерзімді активтер</b>		<b>78,389,955</b>	<b>72,831,426</b>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>		<b>888,431,745</b>	<b>885,705,149</b>

Басшылық атынан 2021 жылғы 6 мамырда қол қойылған.

  
 Рыскулов Айдар Қайратұлы  
 Экономика және қаржы жөніндегі  
 басқарушы директор  


  
 Төлекова Сәуле Бекзадақызы  
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»  
 департаментінің директоры – Бас  
 бухгалтер

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	31 наурыз 2021 ж. (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2020 ж.
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	14	376,045,927	376,045,927
Өзге резервтегі капитал	14	125,139,258	125,168,047
Бөлінбеген пайда		4,712,315	(11,882,206)
<b>Топ акционерлеріне тиесілі капитал</b>		<b>505,897,500</b>	<b>489,331,768</b>
Бақыламайтын акционерлер үлесі		1,321,420	1,243,868
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ</b>		<b>507,218,920</b>	<b>490,575,636</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерві		3,243,188	3,227,678
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		1,605,967	1,508,353
Қарыздар	15	200,668,524	208,645,370
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	16	3,896,751	3,952,150
Ұзақ мерзімді жалдау міндеттемелері		1,544,775	1,696,109
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		78,502,419	78,743,252
<b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		<b>289,461,624</b>	<b>297,772,912</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерві		196,296	196,296
Қарыздар	15	54,617,232	55,307,806
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		172,691	177,689
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек		27,474,195	35,772,454
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек		6,422,584	4,557,802
Қысқа мерзімді жалдау бойынша міндеттемелер		940,226	1,106,004
Төлеуге бөлінген табыс салығы		1,927,977	238,550
<b>Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер</b>		<b>91,751,201</b>	<b>97,356,601</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>381,212,825</b>	<b>395,129,513</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>		<b>888,431,745</b>	<b>885,705,149</b>
Бір жай акцияның баланстық құны, теңге	27	89,932	86,937

Басшылық атынан 2021 жылғы 6 мамырда қол қойылған.

Рыскулов Айдар Қайратұлы  
 Экономика және қаржы жөніндегі  
 басқарушы директор



Телекова Сәуле Бекзадақызы  
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»  
 департаментінің директоры – Бас  
 бухгалтер

7-беттен 29-бетке дейін қоса берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)</b>
Түсім	18	86,601,359	82,137,371
Сатудың өзіндік құны	19	(59,543,632)	(56,231,636)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>27,057,727</b>	<b>25,905,735</b>
Сатудан түскен шығыстар		(2,981,981)	(3,671,740)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	20	(3,327,465)	(2,920,797)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың табыстарындағы үлес	8	6,573,082	(631,752)
Активтердің құнсыздану (шығындары)/активтердің құнсыздануын қалпына келтіру табыстары		(34,799)	15,638
Қаржылық табыстар	21	467,655	463,625
Қаржылық шығыстар	22	(7,294,262)	(7,657,138)
Өзге табыстар		512,127	243,720
Өзге шығыстар		(239,454)	(850,544)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>		<b>20,732,630</b>	<b>10,896,747</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	23	(4,060,557)	(2,699,344)
<b>Кезеңдегі пайда</b>		<b>16,672,073</b>	<b>8,197,403</b>
Басқа жиынтық (залал)/табыс <i>Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелмейтін баптар</i>			
Еңбек қызметі аяқталған соң сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау		(28,789)	(114,519)
<b>Кезеңдегі барлық жиынтық пайда</b>		<b>16,643,284</b>	<b>8,082,884</b>
<b>Тиесілі пайда:</b>			
Топ акционерлеріне		16,594,521	8,112,133
Бақыланбайтын үлесіне		77,552	85,270
<b>Кезеңдегі пайда</b>		<b>16,672,073</b>	<b>8,197,403</b>
<b>Барлық тиесілі жиынтық кіріс:</b>			
Топ акционерлеріне		16,565,732	7,997,614
Бақыланбайтын үлесіне		77,552	85,270
<b>Кезеңдегі барлық жиынтық кіріс</b>		<b>16,643,284</b>	<b>8,082,884</b>
Топ иелеріне тиесілі акциялардың пайдасы	27	2,962	1,448

7-беттен 29-бетке дейін қоса берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп**

Топ акционерлеріне тиесілі

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	Акционерлік капитал	Өзге резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы	Бақылмайтын үлес	Барлық капитал
<b>2020 ж. 1 қаңтардағы қалдық</b>		<b>373,314,888</b>	<b>127,357,014</b>	<b>(16,823,598)</b>	<b>483,848,304</b>	<b>1,168,066</b>	<b>485,016,370</b>
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	8,112,133	8,112,133	85,270	8,197,403
Өзге жиынтық залал (аудит жүргізілмеген)		-	(114,519)	-	(114,519)	-	(114,519)
Барлық жиынтық пайда (аудит жүргізілмеген)		-	(114,519)	8,112,133	7,997,614	85,270	8,082,884
<b>2020 ж. 31 наурыздағы жағдай бойынша қалдық (аудит жүргізілмеген)</b>		<b>373,314,888</b>	<b>127,242,495</b>	<b>(8,711,465)</b>	<b>491,845,918</b>	<b>1,253,336</b>	<b>493,099,254</b>
<b>2021 ж. 1 қаңтардағы қалдық</b>		<b>376,045,927</b>	<b>125,168,047</b>	<b>(11,882,206)</b>	<b>489,331,768</b>	<b>1,243,868</b>	<b>490,575,636</b>
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	16,594,521	16,594,521	77,552	16,672,073
Өзге жиынтық залал (аудит жүргізілмеген)		-	(28,789)	-	(28,789)	-	(28,789)
Барлық жиынтық пайда (аудит жүргізілмеген)		-	(28,789)	16,594,521	16,565,732	77,552	16,643,284
<b>2021 ж. 31 наурыздағы қалдық (аудит жүргізілмеген)</b>		<b>376,045,927</b>	<b>125,139,258</b>	<b>4,712,315</b>	<b>505,897,500</b>	<b>1,321,420</b>	<b>507,218,920</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)</b>
<b>Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы</b>		
<b>Ақша қаражатының түсімі, барлығы</b>	<b>95,570,805</b>	<b>82,325,280</b>
Өнімдер мен тауарлар сату	63,599,036	53,416,103
Қызметтерді іске асыру	4,461,361	3,318,621
Алынған аванстар	26,599,330	24,690,873
Несиелік мекемелерден төленетін сомалар бойынша	232,519	195,419
Алымдар		
Өзге де түсімдер	678,559	704,264
<b>Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы</b>	<b>(72,919,041)</b>	<b>(67,445,062)</b>
Өнім берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер	(42,181,726)	(35,699,193)
Берілген аванстар	(5,354,388)	(8,423,423)
Жалақы бойынша төлемдер	(8,814,294)	(8,599,869)
Алынған қарыздар бойынша сыйақы төлемі	(6,509,898)	(5,911,175)
Қаржылық жалдау бойынша сыйақы төлемі	(71,666)	(70,402)
Корпоративтік табыс салығы	(1,741,177)	(1,791,348)
Бюджетке төленетін басқа төлемдер	(6,379,443)	(5,990,027)
Өзге төлемдер	(1,866,449)	(959,625)
<b>Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттар</b>	<b>22,651,764</b>	<b>14,880,218</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>		
<b>Ақша қаражатының түсімі, барлығы</b>	<b>1,553,854</b>	<b>2,895,487</b>
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер	648	3,405
Банктік салымдардың қайтарымы	1,417,889	2,744,862
Кредиттік мекемелердегі облигациялар мен қорлар бойынша түсімдер	135,317	24,590
Өзге де түсімдер	-	122,630
<b>Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы</b>	<b>(10,367,157)</b>	<b>(14,222,554)</b>
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(7,690,085)	(12,143,974)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(172,828)	(67,285)
Банктік салымдарды орналастыру,	(2,504,244)	(2,011,295)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражаттар</b>	<b>(8,813,303)</b>	<b>(11,327,067)</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>		
<b>Ақша қаражатының түсімі, барлығы</b>	<b>56,404,173</b>	<b>28,611,742</b>
Қысқа мерзімді қарыздар бойынша алынған түсімдер	56,343,305	26,744,850
Ұзақ мерзімді қарыздар бойынша алынған түсімдер	60,868	1,866,892
<b>Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы</b>	<b>(65,944,861)</b>	<b>(34,070,861)</b>
Қысқа мерзімді қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу	(54,008,305)	(25,959,324)
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу	(11,794,368)	(7,847,982)
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер бойынша негізгі қарызды өтеу	(141,923)	(232,188)
Бақыланбайтын меншік иелеріне төленетін дивидендтер	(265)	(810)
Өзге төлемдер	-	(30,557)
<b>Қаржылық қызметтен пайдаланылған таза ақшалай қаражат</b>	<b>(9,540,688)</b>	<b>(5,459,119)</b>

7-беттен 29-бетке дейін қоса берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ****Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<i>Ескертпе</i>	<b>2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)</b>
Қолма-қол ақшаның құнсыздануына резерв Валютаның айырбас бағамы өзгеруінің ақша қаражаты мен оның эквиваленттеріне әсері		(9,256) (50,442)	6,007 652,896
Ақша қаражаты мен оның эквиваленттерінің таза ұлғаюы/(азаяуы)		4,238,075	(1,247,065)
Кезең басындағы ақшалай қаражаттары:	13	9,893,878	12,007,037
Кезең соңындағы ақшалай қаражаттары:	13	14,131,953	10,759,972

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп 2021 жылдың 31 наурызында аяқталған үш айға, сондай-ақ өткен жылдың осы кезеңіне тікелей әдіс бойынша жасалған.



## **«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

### **Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертелер - 31 наурыз 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)**

#### **1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі**

Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес компаниялары (бұдан әрі бірлескен атауы «Топ») үшін 2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арнап ҚЕХС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылғы 18 сәуірде құрылған және 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Топ Қазақстан Республикасының энергетикалық кешені кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылған.

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Қоғамның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы тарабы болып табылады.

#### **Негізгі қызмет**

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіру, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су және жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын электр энергиясы көздерін салу және пайдалану, сондай-ақ су электр станцияларының мүлктік кешендерін беру болып табылады.

Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар», және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі заңдарымен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түрлеріне байланысты тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – ҚР Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына тарифтер Энергетика министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы № 160 «Энергия өндіруші ұйымдар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен және кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен бекітілген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге белгіленген тарифтер тіркелген және ЖЭК технологиясына қарай (жел, күн және басқа электр станциялары үшін өз алдына бөлек) ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 «Тіркелген тарифтерді бекіту туралы» қаулысымен бекітілген, сондай-ақ жыл сайын индекстеуге жатады. Мұның үстіне есептеу-қаржы орталығы сатып алушы, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде. Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын жеткізу мен бөлуге, жылу энергиясын өндіруге белгіленген тарифтер мен энергиямен жабдықтауға (ЭЖ) бөлінген тарифтерді Комитет реттейді. Комитет реттеу мен бақылау жасауды заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Тарифтер бойынша шешімдерге белгілі бір дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелердің де ықпалы тиеді. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге салалардағы іс-қимылдары мен шешімдерінің Топтың операциялық қызметіне айтарлықтай ықпалы болуы мүмкін.

#### **Қызмет жүзеге асырылатын мекенжай мен орын**

Компанияның бас кеңсесінің мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А, Б Блок.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері**

### **Қаржылық есептілікті дайындау негізі**

2021 жылдың 31 наурызда аяқталған үш айға арналған осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік әділ құны бойынша қаржылық құралдарды алғашқы тануға түзетулер енгізе отырып бастапқы құн бойынша бағалау қағидасымен ҚЕХС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес дайындалды. Аралық қаржы есептілігі әдетте жылдық қаржылық есептілікке енгізілетін барлық ескертпелерді қамтымайды. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚЕХС сәйкес дайындалған Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге танысуға жатады. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері табыс салығын есептеуді қоспағанда, соңғы қаржы жылына арналған есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың ережелеріне сәйкес келеді.

Аралық кезеңге арналған табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржы жылы үшін күтілетін табыс салығының есептік орташа қолданыстағы мөлшерлемесіне негізделеді.

## **«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертелер - 31 наурыз 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)**

### **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Операциялардың маусымдығы**

Топтың қызметі маусымдық ауытқуға сезімтал. Электр энергиясын беру көлемінің, жылу және электр энергиясын өндірудің ауытқуы қазан айынан сәуір айына дейін созылатын жылыту кезеңімен байланысты.

#### **Айырбастау курсы**

2021 жылғы 31 наурызда шетел валютасында көрсетілген қалдықты аудару үшін пайдаланылған айырбастау курсы 1 АҚШ доллары 424.89 теңгені құрайды (2020 ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары 420.91 теңге).

#### **Үздіксіз қызмет қағидасы**

Басшылық бұл қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті тұрақты негізде дайындады. Басшылықтың шешімі Топтың қаржылық жағдайына, оның қазіргі ниеттеріне, операциялардың табыстылығына, қаржылық ресурстарға қолжетімділікке және мемлекеттік қолдау көрсетуге негізделген. 2021 жылдың 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың қысқа мерзімді міндеттемелері қысқа мерзімді активтерден 13,361,246 мың теңгеге асты (2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: қысқа мерзімді міндеттемелері қысқа мерзімді активтерден 24,525,175 мың теңгеге асты).

Топтың таяу болашақта жұмысын жалғастыру қабілетін бағалау кезінде мынадай факторлар ескерілді:

- Топ Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие. Басшылықтың және Топ акционерлерінің Топтың қызметін жоюға ниеті де, оған қажеттілігі де жоқ.
- Топтың 5,841,514 мың теңге мөлшерінде ағымдағы міндеттері Алматы қаласының әкімшілігі алдындағы қарызы бітімгершілік келісім бойынша ақша қаражатының жұмсалуды талап етпейді.
- Күрделі шығындарға кететін қаражатты шегергенде, 2021 жылы Топ операциялық қызметтен 41 миллиард теңге мөлшерінде ақша ағымын күтеді.
- 2021 жылдың 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың жаңартылатын кредиттік желі аясында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан жалпы сомасы 97.5 миллиард теңге, «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ-тен жалпы сомасы 14 миллиард теңге, сондай-ақ Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕБ-тен жалпы сомасы 6 миллиард теңге игеруге несие алуға мүмкіндігі бар.

Осы қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте активтер мен міндеттердің баланстық құнының, кірістер мен шығындардың, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыруға мүмкін емес болған жағдайда қажет болатын қаржылық есеп туралы шоғырландырылған есептік жіктелуінің түзетулерді жоқ, бұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

### **3 Есеп саясатындағы өзгерістер**

#### **Жаңа стандарттар және түсіндірулер**

Төменде қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Топ үшін міндетті болды, бірақ Топқа айтарлықтай әсер еткен жоқ:

- 10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасында жасалған мәмілелердегі активтерді сату немесе қосу (2014 жылдың 11 қыркүйегінде шығарылған және Кеңес ХҚЕС бойынша анықтайтын күннен немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру келісімшарттары» (2017 жылғы 18 мамырда шығарылған және 2021 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу - 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылған және 2022 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу - күшіне енетін күнді ауыстыру - 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Активті болжамды пайдалану басталғанға дейінгі түсім, ауыртпалықты шарттар - шартты орындау құны», «Тұжырымдамалық негіздерге сілтеме» - 16 ХҚЕС-ке (IAS), 37 ХҚЕС-ке (IAS) және 3 ХҚЕС-ке (IFRS) қолданыс аясы шектелген түзетулер және 2018-2020 жылдарға арналған ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер - 1 ХҚЕС - ке (IFRS), 9 ХҚЕС-ке (IFRS), 16 ХҚЕС-ке (IFRS) және 41 ХҚЕС - ке қатысты (2020 жылдың 14 мамырында шығарылған және 2022 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты).

## **«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

### **Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертелер - 31 наурыз 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)**

#### **3 Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)**

- 17 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер және 4 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер (2020 жылғы 25 маусымда шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты).
- Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау (IBOR) - 9 ХҚЕС-ке (IAS), 39 ХҚЕС-ке (IFRS), 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер, 2-кезең (2020 жылғы 27 тамызда шығарылған және 2021 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Топ мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, бұл жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

#### **4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар**

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ қолданылған есеп саясатына және есеп берілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалар мен болжамдарды пайдаланады. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар табыс салығы бойынша резервтерді есептеуді және жаңа және түзетілген стандарттарды қабылдауды қоспағанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

##### ***Электр энергиясын сатудан түскен түсімді тану***

Топ электр энергиясын тұтынушылардың есептеуіштеріндегі көрсеткіштер деректеріне сәйкес электр энергиясын жеткізген сәттегі түсімді таниды. Есептеуіштердің көрсеткіштері тұтынушыларға ай сайын беріледі және Топ олардың дұрыстығын ішінара таңдай отырып тексереді. Топ тұтынылған электр энергиясы үшін шоттарды ұсыну бойынша үрдістер кезеңділігінің нәтижесінде тұтынушыларға шоттар берілмеген есептік кезеңнің соңында электр энергиясының айтарлықтай бөлімін сатты.

Топ бағалау негізінде есептеуіш көрсеткіштерін соңғы рет алған сәттен бастап есептік кезеңнің соңына дейін сатылған электр энергиясынан түскен табысты таниды. Топтың ұстанымына сәйкес, сатып алынатын тұтынылған, бірақ сату бағасына көбейтілетін есептік айдың соңында қойылған электр энергиясының күн сайынғы сатып алу көлемі есептеледі.

##### ***Негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімдері***

Негізгі құрал-жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін бағалау осыған ұқсас активтерге қатысы бар тәжірибе негізіндегі кәсіби пайымдауларды пайдалану арқылы жүзеге асты. Осы активтермен байланысты келешектегі экономикалық пайда негізінен оларды пайдалану нәтижесінде алынады. Дегенмен, технологиялық және коммерциялық тұрғыдан тозу, сондай-ақ, құрал-жабдықтың тозуы сияқты басқа факторлар көбінесе осы активтермен байланысты экономикалық пайданың азаюына әкеледі. Басшылық аталған активтер Топқа экономикалық пайда әкелетін есептік кезеңге сүйене отырып, активтердің ағымдағы техникалық жағдайына байланысты негізгі құралдарды табысты пайдаланудың қалған мерзімін бағалайды. Және келесі негізгі факторлар назарға алынады: (а) активтерді пайдаланудың болжалды мерзімі; (б) техникалық қызмет көрсетудің эксплуатациялық сипаттамалар мен регламентіне байланысты құрал-жабдықтың болжалды физикалық тозуы және (в) нарықтық жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде технологиялық және коммерциялық тұрғыдан алып қарағанда құрал-жабдықтардың моральдық тозуы.

##### ***Балқаш ЖЭС***

2019 жылдың 29 қазанында Топ өтемақы алып, Samsung C&T міндеттеме сомасын төледі және «Балқаш ЖЭС»-тің АҚ (бұдан әрі «БЖЭС») 50% + 1 акциясын алды. Топтың басшылығы БЖЭС-тегі үлесті сатып алу нәтижесінде Топта БЖЭС-тің кредиторлары мен өнім берушілері алдында заңды міндеттемелері жоқ деп санайды. Топтың 100% үлесін сатып алу сәтінде БЖЭС банкроттық шегінде болды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмаған. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен өнім берушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігі салдарынан бірнеше рет сотқа берген, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкеп соқты, сондай-ақ БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 2019 жылдың 6 желтоқсанында сот шешімі бойынша банкроттық процесін бақылау және жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

Карантиндік іс-шаралардың енгізілуін және ұлттық экономиканы қолдау бойынша мемлекет қабылдаған шараларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 шілдедегі №443 «Банкроттық рәсімін қозғауды тоқтата тұру туралы» қаулысымен мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттығын тану туралы сотқа арыз беруін 2020 жылғы 1 қазанға дейін тоқтата тұру туралы бұйрық шығарылды, соған байланысты БЖЭС банкроттық рәсімі уақытша тоқтатылды.

## **«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертелер - 31 наурыз 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)**

### **4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)**

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша БЖЭС-ті тану туралы сот талқылауы несие берушілердің шағымдану құқығына байланысты әлі толық шешілген жоқ, сондықтан басшылықтың пікірі бойынша Компанияның бақылау құқығы жоқ әрі БЖЭС-ке салынған инвестиция толығымен құнсызданды.

#### **Әкімшілік алдындағы берешек**

2009 жылы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «АЖК») Алматы қаласының әкімдігімен (бұдан әрі – «Әкімдік») АЖК-ның Әкімдік алдындағы берешекті өтеу туралы сот процесіне қатысты. 2014 жылдың 14 ақпанында АЖК мен Әкімдік АЖК-ның Әкімдік алдындағы берешекті реттеу тәртібі туралы бейбіт келісімге қол қойды, бұл ретте, АЖК басқалармен қатар, Әкімдіктің коммуналдық меншіктегі және сенімгерлікпен басқарудағы электр желілерін меншікке қабылдауға, ал Әкімдік АЖК-ның берешегін есептен шығаруға міндеттенеді. 2021 жылдың 31 наурыздағы жағдай бойынша бейбітшілік келісімі аясында алдағы жылдар ішінде жүргізілген барлық төлемдерді ала отырып, АЖК-ның Әкімдік алдындағы берешек 5,841,514 мың теңге құрайды (2020 жылғы 31 желтоқсан: 5,841,514 мың теңге). 2021 жылдың 31 наурыздағы жағдай бойынша, электр желілерін меншікке қабылдау аяқталған жоқ. Топ бұл міндеттеме төлемдерден бастылғанда, яғни бейбітшілік келісім тараптары барлық әрекеттерді орындаған сәтте, атап айтқанда Әкімдіктен электр желілерін меншікке қабылдаған сәтте аталған міндеттемені тануды тоқтатады және міндеттемелерді есептен шығарудан алған табысты таниды. Сонымен бірге, Топ 5,841,514 мың теңге сомасындағы міндеттемелерді есептен шығарудан түскен пайданы таниды.

### **5 Сегменттер бойынша ақпарат**

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын құрамдастарды білдіреді. Мұның үстіне, олар түсімді қозғалысқа келтіре алады немесе шығындармен байланысты бола алады. Сегменттердің операциялық нәтижелерін жоғарғы жедел басқару органы тұрақты түрде талдайды, операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат бар. Жоғарғы жедел басқару органына ресурстарды бөліп, компания қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе бір топ адам өкіл бола алады. Жоғарғы жедел басқару органының функцияларын Топ Басқармасы орындайды.

Жоғарғы жедел басқару органы талдайтын сегменттік қаржылық ақпарат түсім және салық алынғанға дейінгі пайда туралы ақпараттан тұрады. Жоғарғы жедел басқару органы сонымен қатар Топтың EBITDA туралы ақпаратын да талдайды. Ол қаржылық пайда/залал, пайдаға салынатын салықтар бойынша шығыстар, негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы, негізгі құралдардың және инвестициялық меншіктің құнсыздануы, гудвилдің құнсыздануы, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардағы табыстар / (шығындар) үлестерінің құнсыздануы, сондай-ақ басқа осыған ұқсас нәтижелерге дейінгі кезеңдегі пайда/залалдар және осыған ұқсас әлерлер ретінде есептеледі. Топ бойынша пайыздар, салықтар мен амортизациялық аударымдардың шегенгенге дейінгі табысты анықтау жүйелілігі (EBITDA) басқа компаниялар пайдаланатын жүйеден өзгеше болуы мүмкін.

#### **(а) Әрбір есептік сегменттің сатудан түсім алатын өнімдері мен қызметтерінің сипаттамасы**

Топ үш негізгі операциялық сегмент аясында қызмет атқарады:

- Жылу энергиясын және электр энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын жеткізу және тарату;
- Электр энергиясын сату.

#### **(б) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері**

Жоғарғы жедел басқару органы әр сегмент қызметінің нәтижелерін түсімді және салық алынғанға дейінгі пайданы бағалау арқылы бағалайды.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертелер - 31 наурыз 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)**

**5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)**

	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Барлығы	
	үш ай аяқталды		үш ай аяқталды		үш ай аяқталды		үш ай аяқталды		үш ай аяқталды	
	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>										
Сегменттің жалпы табысы-Электр энергиясын сату	53,504,732	49,501,474	-	-	32,630,506	29,121,549	-	-	86,135,238	78,623,023
Сегмент ішіндегі табыс	(19,997,176)	(15,869,776)	-	-	(202)	(233)	-	-	(19,997,378)	(15,870,009)
<b>Сыртқы түсім – Электр энергиясын сату</b>	<b>33,507,556</b>	<b>33,631,698</b>	-	-	<b>32,630,304</b>	<b>29,121,316</b>	-	-	<b>66,137,860</b>	<b>62,753,014</b>
Жылу энергиясын сату	8,225,610	7,595,804	-	-	-	-	-	-	8,225,610	7,595,804
Электр қуатының дайындығын қолдау қызметінен түсім	8,037,737	7,456,429	-	-	-	-	-	-	8,037,737	7,456,429
Жаңартылатын энергия көздерін жалдаудан алған табыс	1,623,531	1,649,112	-	-	-	-	-	-	1,623,531	1,649,112
Сегменттің жалпы табысы-Электр энергиясын беру	-	-	12,236,666	11,474,467	-	-	-	-	12,236,666	11,474,467
Сегмент ішіндегі табыс	-	-	(11,059,741)	(10,242,603)	-	-	-	-	(11,059,741)	(10,242,603)
<b>Сыртқы түсім -Электр энергиясын беру</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>1,176,925</b>	<b>1,231,864</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>1,176,925</b>	<b>1,231,864</b>
Инвестициялық мүлікті жалдаудан алған табыс	-	-	-	-	-	-	973,103	1,054,511	973,103	1,054,511
Химиялық суды сату	407,623	346,273	-	-	-	-	-	-	407,623	346,273
Өзге барлығы	18,970	50,364	-	-	-	-	260,235	319,832	279,205	370,196
Сегмент ішіндегі табыс – өзге	-	-	-	-	-	-	(260,235)	(319,832)	(260,235)	(319,832)
<b>Сыртқы түсім – өзге</b>	<b>18,970</b>	<b>50,364</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>18,970</b>	<b>50,364</b>
<b>Сыртқы түсімнің барлығы</b>	<b>51,821,027</b>	<b>50,729,680</b>	<b>1,176,925</b>	<b>1,231,864</b>	<b>32,630,304</b>	<b>29,121,316</b>	<b>973,103</b>	<b>1,054,511</b>	<b>86,601,359</b>	<b>82,137,371</b>

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертелер - 31 наурыз 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)**

**5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)**

Қазақстандық мың теңгемен	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Сегмент ішіндегі операциялар		Барлығы	
	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 наурыз 2020 ж.
Сатудың өзіндік құны	(48,624,744)	(45,190,440)	(8,802,370)	(8,356,637)	(32,603,808)	(28,593,797)	(125,317)	(231,805)	30,612,607	26,141,043	<b>(59,543,632)</b>	<b>(56,231,636)</b>
- Амортизацияны қоспағанда	(11,492,533)	(12,289,940)	(1,940,565)	(1,970,297)	(62,358)	(64,868)	(106,953)	(104,597)	-	-	<b>(13,602,409)</b>	<b>(14,429,702)</b>
Сату бойынша шығындар	(2,981,981)	(3,671,740)	-	-	-	-	-	-	-	-	<b>(2,981,981)</b>	<b>(3,671,740)</b>
Қаржылық шығындар	(3,531,393)	(4,373,423)	(329,725)	(396,239)	(82,742)	(82,241)	(5,900,552)	(5,646,404)	2,550,150	2,841,169	<b>(7,294,262)</b>	<b>(7,657,138)</b>
- Пайыздар бойынша шығындарды қоспағанда	(2,118,422)	(2,321,129)	(70,493)	(211,255)	(162,776)	(66,249)	(3,125,185)	(3,450,560)	-	-	<b>(5,476,876)</b>	<b>(6,049,193)</b>
Қаржылық табыстар	1,114,512	1,320,339	23,533	5,005	19,170	16,171	2,515,257	2,008,208	(3,204,817)	(2,886,098)	<b>467,655</b>	<b>463,625</b>
Бірлескен кәсіпорындарда және қауымдасқан компанияларда табыс үлесі және инвестициялардың құнсыздануы	-	-	-	-	-	-	6,573,082	(631,752)	-	-	<b>6,573,082</b>	<b>(631,752)</b>
Қаржылық емес активтердің құнсыздауы	(6,136)	(40,948)	-	2,660	-	(86)	-	21,054	-	32,958	<b>(6,136)</b>	<b>15,638</b>
Күрделі шығындар	(6,259,696)	(6,552,922)	(1,352,107)	(5,415,742)	(37,880)	(20,119)	(21,118)	(155,192)	90,285	-	<b>(7,580,516)</b>	<b>(12,143,975)</b>
Есептік сегменттің активтері	689,844,342	710,894,929	139,536,758	134,282,952	15,261,150	13,923,312	139,347,407	181,387,226	(95,557,912)	(150,906,181)	<b>888,431,745</b>	<b>889,582,238</b>
Есептік сегменттің міндеттемелері	224,614,434	271,906,790	39,868,095	40,993,747	20,967,969	14,441,137	194,991,718	213,764,286	(99,229,391)	(144,637,207)	<b>381,212,825</b>	<b>396,468,753</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ****Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертелер - 31 наурыз 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)****5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)****(в) Есептік сегменттердің түсімін, пайдасын немесе шығынын, активтері мен міндеттемелерін тексеру**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай</b>	<b>2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай</b>
<b>Кезеңдегі түзетілген EBITDA</b>	<b>34,594,700</b>	<b>33,136,076</b>
Тозу және амортизация	(13,602,409)	(14,429,702)
Қаржылық кірістер	467,655	463,625
Қаржылық шығыстар	(7,294,262)	(7,657,138)
Қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі/шығындарындағы үлес	6,573,082	(631,752)
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	(6,136)	15,638
<b>Кезеңдегі салық салынғанға дейін түскен пайда</b>	<b>20,732,630</b>	<b>10,896,747</b>

**6 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары**

Бір-бірімен байланысты тараптардың анықтамасы «Бір-бірімен байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» ХБЕС 24-те келтірілген. Егер тараптардың біреуі басқасын бақылау мүмкіндігіне ие болса, жалпы бақылауда болса немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдауын бірлесіп бақылайтын болса онда тараптар бір-бірімен байланысты саналады. Тараптар бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңдық формасы ғана емес, олардың өзара қатынастарының сипаты да назарға алынады. Бас компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарапына 1-ескертпеде анықтама берілген.

Бір-бірімен байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компаниялардан тұрады. Байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекеттік компаниялармен операциялар, егер олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті түрде қолданылатын талаптарға сәйкес қарапайым қызмет барысында жүзеге асырылатын болса, ашып көрсетілмейді: i) олар дербес маңызды болып табылатын жағдайда; ii) егер Топ қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты жағдайда ұсынылатын болса, немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т.б. секілді қызметтер бойынша жеткізушіні таңдау болмаған жағдайда.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертелер - 31 наурыз 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)**

